



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ

Акцияның мақсаты – аз қамтылған, көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезеңінде материалдық және басқа да көмек көрсету және балалардың әлеуметтік-тұрмыстық себептерге байланысты мектепке бармауына жол бермеу.

Біздің әрқайсымыз халықтың әлеуметтік осал топтарындағы балаларды мектепке дайындауда, оның мектепке барар жолы ең жақсы және бақытты болуы үшін әр балаға көңіл бөлу және шынайы қамқорлық жасауда жан-жақты атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта аламыз!

Баршаңызды акцияның белсенді қатысушысы болуға шақырамыз!

«Тайынша қаласының №5 орта мектебі» КММ қаламыздың барша азаматтарын, кәсіпкерлерді акцияға қосылып, өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылар мен балаларға көмек көрсетуге өз үлестерін қосуға шақырады. Акцияға қосылғысы келетіндердің барлығы «Тайынша қаласының №5 орта мектебі» КММ телефонына хабарласуларыңызды сұраймыз. 8 (71536) -22-7-76, 87088665165

Ж.А. Мухаметғалиева, Р.Г. Оразалина,
Тайынша қаласы №5 орта мектебі.

* * *

«МЕКТЕПKE ЖОЛ — ШЕКАРАСЫЗ ЖАҚСЫЛЫҚ»

2022-2023 оқу жылында балалар жылына орай бұл акция «Мектепке жол – Шекарасыз жақсылық» ұранымен өтіп жатыр. 2022 жылы Республикалық акция балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 19 қаңтардағы №780 Жарлығымен жарияланған Балалар жылын іске асыру шеңберінде өткізіледі. «Мектепке жол» акциясы 2022 жылдың 1 тамызында басталып, 2022 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталады.

Акцияның мақсаты — аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу болып табылады.

Акцияны ұйымдастырушылар өз өңірлеріндегі барлық азаматтарына, бизнесмендерге, кәсіпкерлерге, меценаттарға акцияға қосылу және өмірлік қиын жағдайда отбасылар мен балаларға көмек көрсетуге өз үлесін қосу ұсынысымен жүгінеді. Қазақстан Республикасының әрбір азаматы халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан балаларды мектепке дайындауда атаулы көмек көрсетуде азаматтық белсенділік таныта алады. Мектепке жолы қуанышты болуы үшін әрбір балаға шынайы қамқорлық пен назар аудара алады.

Жақсы істің жемісті болуы оның жүйелі жүзеге асырылуымен «Мектепке жол» қайырымдылық акциясының аясында Тихоокеанск негізгі мектебі ұжымы елеулі ел азаматтарымен бірлесіп, биыл да көптеген қамқорлық шараларын көрсетсек деген мақсатпен акция басталып кетті. Жалпы мектепшілік жоспар құрылып, көмекке мұқтаж балаларға көмек көрсету үшін елдің елеулі азаматтарымен кездесу өткізіп, қол ұштарын созуға ұсыныс жасадық. Жалпы бастама жаман емес.

Биылғы оқу жылында мектепке толықтай барлық оқушылар тартылады. Акцияға барлық кәсіпкер азаматтар, ауылдық округ және мектеп ұжымы белсене ат салысуда. Қайырымды істеріңізге үлкен ризашылық білдіремін!

М.Т. КИРЕБАЕВА,
әлеуметтік педагог, Тихоокеанск негізгі мектебі.

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫ – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МАҚТАНЫШЫ

Ұлы ақын, ағартушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, жазба әдебиеті мен қазақ әдеби тілінің негізін салушы, реформатор Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы 1845 жылы тамыздың 10 жұлдызында Шыңғыс тауды жайлаған Тобықты руында дүниеге келді. Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының мақтанышы.

Абай поэзиясы – қазақ халқының ұлттық мақтанышы. Тек қана Абай өлеңдерінен қазақ даласының табиғаты, қазақ өмірінің шындығы, қазақ халқының сезімсіз, арман-тілегі, ұлттық ерекшелік қасиеттері түгел көрініп, сезіледі. Ұлы ақын "Абайдың қазақ әдебиетіне XIX ғасырда және XX ғасырда еткен әсері аса мол. Абайдың өзін көрмей, сөзін оқу арқылы, естіп ұғыну арқылы, сол Абайдың өлеңдерінің үлгісінде әлеуметтік мәселеге, адамгершілік жайға, ағартушылық турасына арнап көп-көп өлеңдер жазған талай ақындар бар. Әсіресе, бұлардың саны, Абай шығармалары қазақ сарасына жайыла бастаған сайын молая түскен", - дейді Мұхтар Әуезов.

Абайдың арғы тегі Орта жүз Тобықты Арғын ішіндегі Олжай батырдан басталады. Олжайдан Айдос, Қайдос пен Жігітек тарайды. Әрқайсысы бір-бір рулы ел болып кеткен. Айдостың Айпара деген әйелінен Ырғызбай, Көтібақ пен Топай туған. Олардың ішінде Ырғызбай оза шауып, ел басқару ісіне араласқан. Ырғызбайдан Үркер, Мырзатай, Жортар мен Өскенбай тарайды. Өскенбай шаруаға жайлы, билікке әділ кісі болған деседі. Осы Өскенбайдың әйелі Зеренде Абайдың әкесі Құнанбай туады.

Құнанбайдың төрт әйелі болған. Бәйбішесі – Күңке, одан бір ұл – Құдайберді. Ал Ұлжан – Құнанбайдың інісі Құттымұхамбетке айттырылған қалыңдық. Інісі қайтыс болғаннан кейін Құнанбай келінін емеңгерлікпен алған. Ұлжаннан Тәңірберді, Ыбырай (Абай), Ысқақ пен Оспан, үшінші әйелі – Айғыздан Халиолла мен Ысмағұл деген балалары туады. Абайдың "Атадан алтау, анадан төртеу" дейтіні содан. Құнанбайдың қартайған шағында үйленген төртінші әйелі – Нұрғанымнан бала болмаған.

Білімге құштарлық

Болашақ ақын ел анасы атанған Зере әжесінің тауысмайтын аңыз-ертегілерін естіп, сөзге шебер Ұлжан анасының тәрбиесін көріп өсті. Абай алдымен әкесінің өз туыстарының балаларын оқытамын деп, "Ескітам" деген қоныста салдыртқан медреседе сауат ашты. Одан кейін ауылдағы Ғабитхан молдадан білім алды. Ал 10 жасқа толғанда Семейдегі Ахмет Риза медресесінде үш жыл оқыды. Сол жерде араб пен парсы тілдерін меңгеріп шыққан. Абай дін оқуымен ғана шектелмей, білімін өз бетінше жетілдіруге тырысады. Шығыстың Низами, Науаи, Сәғди, Хафиз, Физули сияқты ұлы ғұламалардың шығармаларымен танысады. Орысша сауат ашады.

"Өзі тұтас үлкен-кіші балалардың барлығынан сонағұрлым зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған. Дәрісте арабша кітапты молдасының бір оқып, бір-ақ рет түрікшеге аударып берген сөздерін кітапқа қарамай жатқа айтып шыға алатындай зерек болады. Сонымен дәріс үстінде оқылатын сабақтарды ұғып білу Абайға өзге балалардан анағұрлым оңай тиген. Көп уақытын алмаған. Сондықтан барлық артылған уақытын Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп ізденуге салынады", - деп жазды Мұхтар Әуезов.

Жазушының сөзіне қарағанда, Абай бала күнінде жаттаған кейбір өлеңдерін кәрілікке жеткен уақытына шейін ұмытпаған.

Жастай ел басқару ісіне араласты

Құнанбай баласының зеректігін бірден байқап, оған жан-жақты білім беруге тырысады. Ал 13 жасында оны оқудан алып кетіп, ел басқару жұмысына салады. Оған қоса, әкесі ел тартысында жалғыздық сезе бастайды. Басында "барып кел, шауып келмен" жүрген жас Абай аз уақыттың ішінде жуан би, ел тартысының атқа мінері болып шыға келеді.

1885 жылы Шар өзенінің бойындағы Қарамола деген жерде 100-ден астам би-болыстың қатысуымен төтенше съезд өткізілді. Сонда төбе би болып сайланған Абайға "Семей қазақтары үшін қылмыстық істерге қарсы заң ережесін" әзірлеу тапсырылады. Абай бастаған комиссия барлығы 93-баптан тұратын ережені 3 күнде әзірлеп шығады. Бірақ оның беделін өсірген Қарамола съезінен кейін қарсыластары көбейіп кетеді.

Абайдың кезінде Құнанбаймен алысқан туысқаннан 17 адам Сібірге де айдалады. Бір тартыстың бастықтары олардан жеңіледі. Бірақ сол жеңістің өзі де атадан балаға кететін үзілмес жаулыққа ұласады. Осылайша, Абай әкесі бастаған істі аяқтаймын деп, өзіне талас-тартыстың біраз бәлесін тілеп алады. Оған неше түрлі жала жабылады. Мысалы, 28 жасында бір қыстың ішінде 12 түрлі қылмыс бойынша тексерілген кезі де болды. Бірақ Абай ондай тартысқа әбден ысылып келген. Шешендік өнері де көп көмегін тигізді.

1898 жылы Көшбике деген жердегі Мұқыр болысын сайлауда Оразбай Аққұлы баласы Жігітек, Мырза-Жөкең ру басылары - Әзберген, Бейсенбі, Бұлбай мен Әбдендерді ұйымдастырып, Абайдың өміріне қастық жасайды. Бірақ Кәкітай, Уәйіс, Аппас деген жақын достары ара түсіп, оны қорғап қалады. Осыдан соң ақын ел жұмысына араласпайды да бұрынғы араздықпен өзіне қастық істеткен адамдарымен татуласады. Өзі кітап оқуға ден қояды.

Абайдың шығармашылығы

Абай алғашқы өлеңін 10 жасында жазған. Ал ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы – "Қансонарда". Абай өлеңдерінің ішінде мазмұны жағынан да, көркемдік бітімі жағынан да ерекшеленіп тұрған үздік туындылар көп. "Сегіз аяқ", "Қан сонарда бүркітші шығады аңға", "Қалың елім, қазағым, қайран жұртым", "Желсіз түнде жарық ай", "Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?" сияқты өлеңдерінің әрбіреуі тың дүние, шығармашылық жаңалық.

Александр Пушкиннің "Евгений Онегин" шығармасынан "Татьянаның хатын" және "Ленскийдің сөзін", Михаил Лермонтовтың "Ой", "Жолға шықтым бір жымжырт түнде жалғыз", "Қанжар", "Теректің сыйы" және тағы басқа өлеңдерін қазақ тілінде сөйлетті.

Абай мысал өлеңдерін шебер жаза білді. Ақын осы жанр арқылы қазақ халқының сол кездегі өмірін, адамдардың мінезі мен іс-әрекетін дәл көрсетіп, сатиралық бейнелермен көркем жеткізді. Абай поэма жанрын да меңгерген. Оған "Масфұт", "Ескендір", "Әзім" сияқты шығармалар дәлел.

Батыстың өркениеті мен философиясы, ғылымы мен мәдениеті Абайдың рухани жағынан өсуіне айтарлықтай әсер етті. Ол Батыс пен Шығыс мәдениеттерін шебер ұштастыра білді. Абайдың негізгі зерттеу объектісі – адам.

Абайдың іргелі еңбектерінің бірі әрі бірегейі – қара сөздер. Осы сөздердің бірнешеуі алғаш рет 1918 жылы Семейде шыққан "Абай" журналында жарық көрді. Артынан Абайдың қара сөздері орыс, қытай, француз және тағы басқа әлемнің көптеген тіліне аударылды.

(Жалғасы. 6-бетте)

«АЛАБОТА» АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛ ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 90 ЖЫЛ

Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша ауданындағы «Алабота» асыл тұқымды мал зауыты» ЖШС қазақтың ақбас тұқымды сиырларын өсірумен айналысады. Бұл – өңіріміздегі ірі қара өсіру бағытындағы байырғы шаруашылықтардың бірі. 2012 жылы «Алабота» асыл тұқымды мал зауыты» ЖШС 80 жылдық мерейтойын атап өтті. Енді міне, 90 жылдық мерей той. Осы үлкен мерзімдегі шаруашылықтың қол жеткен жетістіктері мереке барысында жан-жақты айтылып, сараланып, жиналғандардың зор қошеметіне бөленді. Бүгінгі таңда шаруашылықтың негізгі мақсаты – қазақтың ақ бас тұқымды сиырларын өсіруге ерекше ден қойып, оның сүттік және еттік бағыттағы өнімділігін арттыру. Бұл атаулы күннің жергілікті халық үшін маңызы зор. Өйткені осы күнге шаруашылық оңайлықпен келген жоқ. Соңғы 11 жылда шаруашылықты басқарып жүрген Е.С. Алпысов өз ісінің шебері, Қазақстан фермерлері қауымдастығы СҚО бойынша филиал басшысы. Мал шаруашылығының дамуына барлық жағдай жасалған. Соңғы жылдары заманауи үлгідегі 15 ферма бой көтерген, малшылар үйі де бар. Сонымен қатар, ауылдың келешегін ойлап, ауылдың инфрақұрылымына асхана, фельдшерлік пункт, асхана, футбол ойнайтын алаң, монша халыққа қызмет көрсетеді. Міне, осынау шаруашылықта өткен мерекелік іс шараға арнайы шақырылған меймандардың ақ тілектері мен шаруашылықтың алға басуына ерекше еңбек үлесін қосып жүрген азаматтарға арналған марапаттары, сыйлықтары мерекенің ажарын аша түсті. Қазақтың ақбас тұқымды ірі қара малы жылдам жетіледі. Сондай-ақ етінің дәмдік сапасы жоғары. Оның үстіне күй талғамайды. Соңғы онжылдықта Солтүстік Қазақстан мал шаруашылығы және егіншілік ғылыми-зерттеу институтының ғалымдары «Алабота» асыл тұқымды мал зауыты» ЖШС мамандарымен бірлесіп, қазақтың ақбас тұқымды сиырының сапалық қасиеттерін жетілдіре түсу мақсатындағы ғылыми жұмыстарды біршама жетілдіре түсті. көрсеткіштері арта түсті, сауын сиырлар сүтті көп бере бастады. Жас мал тәулігіне 1000-1200 грамға дейін салмақ қосуда. Зауытта асылдандырылған малдың тағы бір желісін байқап көру жұмыстары жүргізілуде.

«Алабота» асыл тұқымды мал зауыты Солтүстік Қазақстан облысындағы ең көне және ең үздік мал шаруашылығы кәсіпорындарының бірі

Шаруашылықта цифрлық технологияларды қолданады. Ауыл шаруашылығы техникаларын GPS бойынша қадағалайды, бергіш датчик шығындарды, қарапайым техниканы және машина қай алқапта жұмыс істеп жүргенін көруге мүмкіндік береді.

Тоқтағы жұмыс та ең қызған кез, жаңа күзгі өнімдерді жинап, сұрыптауға дайындалуда. Ауыл шаруашылығы құрылымында өсімдік шаруашылығында да, мал шаруашылығында да жақсы жұмыс тәжірибесі жинақталған. Басшы әлі де жүре түзелетін жұмыстар бар деп санайды. Шаруашылықта бүгінгі күні қуатты өндірістік инфрақұрылым қалыптасқан, қызметкерлер үшін жағдай жасалған, әрине әлеуметтік салаға да ерекше көңіл бөлінуде. ЖШС басшылығы ауылда ФАП жұмыс істеу үшін үй-жай бөлді, оны жылмен қамтамасыз ету шаруашылық есебінен жүзеге асырылады. Мұнда дәріхана, емшара кабинеті бар. Шаруашылық басшысы Ерлан Сапарбекұлы туралы өндіріс және әлеуметтік сала қызметкерлері де, механизаторлармен кездескен кезде, бір ауыздан үлкен сыйластықпен, біз бәріне ризамыз, жалақы жақсы, жұмыс істеу үшін барлық жағдай жасалған, халықты тиімді бағалы нанмен қаматамыз ететін наубайханамыз да бар, деп басшы жайында ауыз толтыра айтады. Солардың бірі – мал бордақылауда қажырлы еңбек атқарып жүрген Амангелді Ережеп деген азамат. Мархаба Ақтаева, Алабота орта мектебінің директоры, өз сұхбатында Ерлан Сапарбекұлы жиі қатынасып тұратынын, оқу озаттарына жаңа жылға сыйлықтар табыстап, спорт құралдарымен қамтамасыз етіп, аз қамтылған отбасылардағы балаларға көмектесіп тұратынын да атап көрсетті.

Ал, шаруашылық басшысы: - Тұрғындар — бұл біздің қызметкерлер, егер олар болмаса, онда біз де мұнда қажет емеспіз. Сондықтан оларға




барынша көмектесуге тырысамыз. Мектепке, ауыл ФАП-ына да көмектесеміз. Мен балаларға ерекше қараймын, мектептегі оқушыларға да үнемі көмектесуді-азаматтық борышым деп санаймын, дейді. *Қасиетті Тайынша ауданында тамырын тереңге жайып келе жатқан іргелі шаруашылық «Алабота» асыл тұқымды мал зауытының құрылғанына биыл 90 жыл толып отыр.*

Сонау 1932 жылы қазіргі Алабота ауылдық округіне қарасты Аққұдық ауылында шаруашылықтың іргетасы қаланып, мал шаруашылығын дамытуға айрықша ден қойылады. 1968 жылы асылтұқымды мал өсіретін кеңшарға айналды. Статистикалық мәліметтер бойынша 1991 жылы қазақтың ақбас сиыры мал саны жағынан шырқау шегіне жетіп, 1370 мың бас болды. Етті бағыттағы малдың 55 пайызын құрады. Бүгінде шаруашылығымыз сиыр етін өндірудің көшбасшысы саналады.

Ауылдық округте жаңа жұмыс орындары ашылып, негізінде шаруашылықта жергілікті тұрғындар еңбек етеді. Президент, Үкімет, облыс әкімдігі белгілеген іргелі міндеттерді орындау бағытында арнайы бағдарлама қабылданды. Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін дамыту жөніндегі бірлескен жобалар аясында қаржылық, несиелік жеңілдіктер беріліп, шаруашылық алға нық басты. Алабота - жері құнарлы, жайылымы шүйгін өңір. Қазақтың ақбас сиырын өсіруге, малдың солтүстік өңірге бейімделген өсімтал тұқымын көбейтуге, табынды асылдандыруға ғылыми тұрғыдан үлкен мән беріле

отырып, жаңа жұмыс орындары пайда бола бастады. Бүгінгі таңда агроқұрылым 240 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Кадр, маман тапшылығы жоқ. Округ тұрғындарына барынша әлеуметтік көмектер көрсетіледі. Шаруашылықтың қаражаты есебінен балалар алаңы, қоғамдық монша салынды. Бұрынғы кеңсе ғимараты жөнделіп, пошта бөлімшесі, учаскелік инспектор, кітапхана, ауыл дәрігері орналасты. Фельдшерлік-акушерлік пунктте 4 дәрігер мен медицина қызметкері жұмыс істейді. Наубайханада күніне 300-350 бөлке нан пісіріледі. Бағасы өте қолжетімді - 90 теңге ғана. Әлеуметтік нан зейнеткерлерге 60 теңгеден босатылады. Асхана күніне 50 жұмысшыны тамақтандырады. 178 оқушысы бар орта мектептің жылу қазаны қалпына келтірілді. «Алабота» асылтұқымды мал зауытының директоры, облыстық мәслихаттың депутаты - Ерлан Алпысов халықтың жағдайын жасап отыр.

Ауыл тойы ерекше жоғары деңгейде өтті. 90 жылдық мерейтойға ҚР Ауылшаруашылығы министрлігінің мал шаруашылығы департаменті директорының міндетін атқарушы Ерлан Теміржанұлы Ильясов, «Қазақстан фермерлері қауымдастығы» Басқарма төрағасының орынбасары Ермек Ерғазыұлы Абуев, «Ақ бас» республикалық палатасы директорының орынбасары Александр Мальчевский, СҚО ауылшаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Мейрам Меңдібаев қатынасты. Ауылшаруашылығының мамандары, мәртебелі меймандар жеке-жеке сөз



алып, шаруашылықтың белсенді жұмысшылары мен мамандарына жоғары марапаттар мен сый – сыйапаттарын тапсырды. Сонымен қатар, облыстық мәслихат хатшысы

В.С.Бубенко және облыстық депутаттар корпусының өкілдері болды. Мереке күнгі жоғары марапаттардың бірі шаруашылық басшысы Е.С.Аслпысов мырзаға табыс етілді. Ол-Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж.Тоқаевтың шаруашылық басшысы Алпысов Ерлан Сапарбекұлының атына жазылған Алғыс хаты болды. Тайынша ауданы әкімінің міндетін атқарушы А.А.Амренов Аққұдық ауылының тұрғындары мен жан-жақтан келген меймандарды атаулы мерекемен құттықтап, әкімшілік тарапынан бірқатар азаматтарға марапаттар табыс етті. Мерке күні көпшілікке кітап көрмесі де ұйымдастырылды. Осы шаруашылық туралы жазылған газет-журналдар, кітаптар осы өңірдің тарихынан сыр шертіп тұрғандай. Жеке кәсіпкерлер де саудасын қыздырып, жиналған халыққа қызмет көрсетті. Мерекеге орайластырып, алтыбақан тербеліп, ән шырқалды, балалар да маз-мейрам болды. Ал, Астанадан келген жерлес өнер адамы- АйсинДуман өзі басқаратын ұйымның концерттік бағдарламасы да көпшіліктің көңілінен шықты. Міне Аққұдық ауылында өткен мерекелік іс-шараның бір көрінісі осындай болды.

• Мұхтар Әуезовке - 125 жыл

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ТУРАЛЫ РОМАН – ЭССЕ ТҮРІК ТІЛІНЕ АУДАРЫЛДЫ

Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдық мерейтойы қарсаңында Қазақстанның халық жазушысы, филолог-ғалым Зейнолла Қабдолов жазған «Менің Әуезовім» («Benim Avezovum») атты роман-эссе түрік тіліне аударылды. Мұхтар Әуезовтің болмысы мен шығармашылығы жайлы құнды дүниенің насихатталу шекарасын кеңейтуге «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымы атсалысты. Кітаптың таныстырылымына ақын-жазушылар, ғалымдар, мәдениет қайраткерлері мен қоғам белсенділері қатысты.

«Әуезов жайлы іргелі еңбектің тәжімалануы – бауырлас түрік халқы үшін де үлкен олжа. Ендігі уақытта осы кітап арқылы түрік тілі қауымдастығы, оның ішінде жас буын Әуезов әлеміне еркін саяхаттап, тұшымды ой түйеріне сенімдімін. Орайлы жерде айта кеткен абзал, Мәдениет және спорт министрлігі жыл соңына дейін Мұхтар Әуезовтің 5 томдық шығармалар жинағын жарыққа шығарады. Ұлы даламызда ғұмыр кешкен, түгел түркі жұртына ортақ данышпан тұлғалар қашанда кеңінен дәріптеле берсін», – деді кітаптың тұсаукесеріне қатысқан Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев. Сондай-ақ, министр кітапты аударған ақын Әсем Ережепқызына шығармашылық-редакциялық ұжымға, бауырластық ниетпен бастама көтерген «ТҮРКСОЙ» халықаралық ұйымының Бас хатшысы Сұлтан Раевқа алғыс білдірді. Бұған дейін М. Әуезовтің 50 томдық академиялық жинағы мемлекеттік тапсырыспен жарық көрді, – деп ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Баспасөз қызметі хабарлайды.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ – ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ ЖАЗУШЫСЫ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ БОЛДЫ

Ол 1897 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданында дүниеге келген. Атасы Әуез арқылы арабша хат танып, жастайынан зерек, ақылды бала болып өсіп Семейдегі медреседе, кейіннен орыс мектебін оқиды. 1910 жылы Семейде алғаш өзінің «Дауыл» атты шығармасын жазып шығады. Мұхтар Әуезов – қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы. Қазақ әдебиетіне өзіндік зор үлес қосқан жауһар шығармалардың авторы. Бұл жазушы бүкіл әлемге «Абай жолы» эпопеясы арқылы қазақты танытқан. «Абай жолы» эпопеясын жазу үшін 30 жыл уақыты кеткен. Қазақтың ұлы ақыны – Абайды тек қазақ халқына ғана емес бүкіл әлемге танытты. Романда тек Абайды ғана емес қазақтың салт-дәстүрі мен тарихы жайлы да жазылып өткен. Мұхтар Әуезов қазақ әдебиетіне зор үлесін қосып қана қоймай, қазақ драматургиясына да өз үлесін қоса білген тұлға. Оның жазған пьесалары әлі күнге дейін сахнада қойылуда. Алғаш 1917 жылы семинарияда оқып жүргенде Шәкерім Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» дастанын негізінде «Еңлік-Кебек» пьесасын жазып, оны Ойқұдық деген жерде сахнаға қояды. Жазушының «Қорғаныс күні» шығармасын оқығанда қыз баласының тағдырының қиындығы, оның жолы жіңішке екені және бір түсінгендейміз. Бұл шығарманы біз әдебиет сабағында оқығанбыз. Және «Оқыған азамат», «Кім кінәлі?», «Қыр суреттері», «Үйлену» сынды т.б. шығармалары халық жадында әрі көп оқылатын, қазақ әдебиетінде өшпес орын алған. Мұхтар Әуезовтің өзі де, сөзі де ұрпақтан-ұрпаққа қалып отыратын жауһар туындылар.

М. Әуезов шығармашылығы – XX ғасырдың әсемдігімен, ғажайып әсерлілігімен сиқырлы, қайталанбас ұлы құбылысына айналды. Әуезов мұраларынан алатын тағалым ұшан-теңіз. Жазушы шығармаларында өз халқының тыныс-тіршілігін, қам-қарекетін, аяулы арманы мен нұрлы үмітін, тарихи

болмысы мен бүгінгі бітімін терең ұғынып бере білген суреткер. Ұзақ жылдарға созылған терең шығармашылық ізденістердің, қажыр-қайратының нәтижесінде күллі әлемге ұлы Абайды танытып қана қойған жоқ, қазақ халқы «Абай жолы» арқылы өзін де тереңірек түсініп таныды. «Абай жолында» қазақ әдебиетін, халқымыздың рухани-көркемдік әлемін көзге елестету мүмкін емес» деп халық жазушысы Ә.Кекілбаев бағалағандай, тек қазақ халқының ғана емес, көшпелі түркі жұртының өткені туралы ең алғашқы кең ағымдағы шығарма М. Әуезов қазақ әдебиеті тарихындағы үлкен өмірлік, шығармашылық жолдарында зор табыстарға жетті. Жиырма жасында «Еңлік-Кебек» трагедиясын жазғаннан кейін он шақты жыл ішінде көптеген әңгіме, повесть, пьесаларымен көзге түсті. Атап айтқанда: «Қорғаныс күні», «Барымта», «Ескілік келеңдесінде», «Көксерек», «Қыр» әңгімелері, «Жетім», «Қараш-қараш оқиғалары», «Қаралы сұлу», «Қилы заман» секілді прозалық шығармаларымен оқырман назарын бірден өзіне аударды. Прозаның шағын жанрының шебері екендігін көрсететін осы шығармаларында адамның іс-әрекетін әлеуметтік-қоғамдық жағдайлармен астастыра келіп, кейіпкер психологиясының терең иірімдерін, табиғат суретін, халықтың дәстүрлі тіршілігін, тынысын, ұлттық мінез-құлқын мейлінше қанық, толық суреттей білген. Жазушы адам бойындағы пәктік пен сұлулықты әділетсіздік пен азғындыққа қарсы қоя, жарыстыра суреттеу арқылы қазақ әдебиетіне классикалық психологиялық прозаның үлгісін әкелді. Осы туындылардың өзімен М. Әуезов құдіретті талант иесі екендігін танытқан болатын. Оның талантын шарықтатып, көркемдік дамудың шырақ биігіне жеткізген өмір жолы оңай емес еді. Ол таудай талпынудың, дамылсыз ізденудің, табанды еңбектенудің қиын-қыстау жолы. Сонымен бірге, халыққа адал қызмет етудің азаматтық, адамгершілік жүгін арқалаған ауыр да абыройлы жол болды.

МҰХТАР ӘУЕЗОВТЫҢ «ҚИЛЫ ЗАМАН» ПОВЕСІ

М. Әуезовтің қаламынан шыққан алғашқы туындылардың бірі – 1928 жылы жазылған «Қилы заман» повесі. Бұл туынды кезінде кейбір себептермен халыққа кең танылмай қалып қойған еді. Міне, сол повесть 1972 жылы Ш. Айтматовтың алғысөзімен «Новый Мир» журналында орыс тілінде «Лихая година» деген атпен жарық көрді. Аталмыш повесть Қазан төңкерісі алдындағы қазақ даласындағы ақ патшаның отарлау саясаты, екі жақты езгіде, тар қыспақта қалған халықтың ауыр тұрмысы, қайғы-мұңы, ашу-ызасы барынша шынайы көрсетілген. Бұл кезде болып жатқан 1-дүниежүзілік соғыстың зардаптары да қаралымал халықты жаншып, езе түскен. Міне, осы тұста халықтың ауыр жағдайына, тұрмыс-тіршілігіне қарамай-ақ, патша үкіметі қара халықтан майданға әскер алу туралы жарлық шығарды. Жарлық халықтың ашу-ызасын келтіріп, ақ патшаға қарсы күрестің ашықтан-ашық басталуына әкеп соқты. Қалың жұрт қарсылық майданына жұмылды. Жұртты күреске ұйымдастырған халық басшылары – өмірде болған Ұзақ Саурықов, Жәмеңке Мәмбетов, Ыбырай сияқты тарихи адамдар еді. Жергілікті байлар Дәулетбек пен Тұңқатарлар халықты күреске бастаған Ұзақ пен Жәмеңкені қолға түсіріп, өздері патша жарлығын жүзеге асыруға әрекеттенеді. Бүлікті басып, басшыларын жазалауға орталықтан Клубницкий жіберіліп, Ыбырай бастаған жігіттермен арада қантөгіс қақтығыс болады. Автор осындай ұлт-азаттық көтерілістің қазақ, қырғыз, ұйғыр халықтарында күшейіп отырғанын, бірақ оның стихиялы түрде басталып, соғыс құралдарының жеткіліксіздігінен тез басылып қалып отырғанын жазады. Өмірлік факті



ретінде 1916 жылғы Жетісу Албандары көтерілісінің тарихи оқиғалары негізге алынған Ленинград университетінің студенті болған кезінде Мұхтар фольклор нұсқаларын жинау үшін Жетісуға әдейі келі, оның әсем жерлерін, заңғар таулары мен жасыл жайлауларын аралап, тамашалап көреді. Бірнеше шығармаға арқау еткен дүниеліктерді ол осы сапарларында жинаған. Оқиға Жетісудың атағы жер жарған Қарқара жәрмеңкесін суреттеуден басталады. Салғаннан жазушының эпикалық құлашы, қаламгерлік диапазонның кеңдігі, палитрасының сан алуан бояуға байлығы көрінеді. Төгілген тілі келісті картонна. Бірақ, Әуезов жәрмеңкенің дырду қызығын, ақтарылып шашылып, судай ағып жатқан байлығын тамашалай таңдай қағып, тамсанудан аулақ. Сахараның қанды ауыз обырлардың, майға қонған шыбынның сирағын жалайтын сараң, жарты тілі үшін жайын сататын саудагерлердікің қалай алдап, шырғалап, жеп жатқандығы алғашқы көріністерден-ақ белгілі болып қалады. Жазушы бір детальмен көп сырды аңғартады. «Базар ортасында ұзын биік ағашқа аспандатып көтерген ақ жалаудан екі басты самұрықтың суреті желкілдейтін. Бұл қомағай қыранды, жалмауыз тілекті ертегі озбырының айқын тұрған белгісі еді. Обырды туғызған ана жат пішінді, жалмауыз түсті ұлық. Соның айқын таңбасы ертегі айдаһарындай екі басты, жайын түсті самұрық. Бұның жәрмеңке басында тірі жүрген құлдары, атқан оқ, шапқан қылышы – жемқор, семіз қарынды пристав «ақ желке» Падпаруев те, айнысындағы жоғары құлдары – ұсақ тілмаштар. Бұның ішінде қазақтан шыққан өңі жылтыр, қарны томпақ тілмаштар».

Жыл он екі айда бір оралатын жәрмеңке қыр қазағы үшін керек-жарақ алатын саудасаттық орталығы ғана емес, ескі көз, кәрі жолдаспен кездесетін, ел-елден келгендермен ұшырасып, әңгіме-дүкен құрып, ойын-сауық көріп, сайран кешетін қызық думан ордасы. Қарқара жәрмеңкесінің осындай қан базарында маусым жарлығы атылған оқтай дүңкете қалды. Сұмдық хабар елді екіге жарған: Рақымбай болыс, Оспан тілмаш бір жақта, Жәмеңке қария, Ұзақ батыр бір жақта. Дауылды күнгі теңіздей астан-кестең боп, бүлініп алған халық басты тауға да, тасқа да соғып ақыры солдатқа жігіт бермеске бекінеді. Көтерілістің білек сыбанып шыққан басшысы жоқ. Түптеп келгенде, елдің аузына қарайтын адамы – қарт Жәмеңке. Ол – көпті көрген көне, талайды бастан кешкен естияр. Бөрлікпен көпшілік бас қосып, не істеудің амалын іздеген – ақылдасқан шақта, төрелік – Жәмеңкеде, екінші көшелі кісі – Ұзақ. Бұл екеуінің сөздерінде алыстан орағыту, тұспалмен біл-

діру, айшықты өрнек, кейде шүйлігіп, қадап, тіреп айту сияқты қазақтың ежелгі шешендік өнеріне тән қасиеттер мол. Жәрмеңке толғауларында даналық, ақылгөйлік басым жатса, батыр ұзақ кесіп, пішіп, түйіп айтады, сөздері қорғасындай салмақты.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі – қатпары қалың, масштабы зор, саяси-әлеуметтік қозғаушы күш-қуаты орасан үлкен оқиға, халықтық қозғалыс. Тұңғыш басылғаннан кейін, зиянды шығарма деген жаламен тыйым салынып, қырық жыл өткен соң ғана зор қиындықпен қайтадан жарияланған туындының ұлттық рухымызды, азаттық үшін күресімізді, тәуелсіздік жолындағы азатты жолымызды бейнелеудегі орны ерекше екендігін тиянақтап айту дұрыс болмақ. Жазушы көтерілістің басты, негізгі себебі, ашық, анық түрткісі патша өкіметінің қаны сорғалаған отаршылдық саясаты екендігін көптеген кейіпкерлерінің іс-қимылы, сөйлеген сөзі арқылы әр түрлі орайда жан-жақты бейнелейді. Бұл ретте 25 июнь жарлығының ең соңғы шеп, тәзімнің бітуі, лаулағалы тұрған қауға түскен шапқақ от. Бұл биік рух көтеріліс басталмай тұрып көрінеді де, абақты ішіндегі тергеу кездерінде Жәмеңке, Ұзақ мінездерінен терең танылады. Әр буын өкілдері, аттары белгілі, белгісіз азаматтардың азаттық еркіндікке бұлқына ұмтылуын жазушы зор шабытпен құлшына суреттейді. Қолға түсіп, прокурор алдында тергеуге келген Жәмеңке жауаптарына құлақ асайық. «Жерді алды. Қонысты алды. Ел күн көріп отырған суды алды, өз жерімізді сатты» – дейді Жәмеңке. Отаршылар жасаған зорлық, істеген сұмдықтарды жіпке тізгендей етіп ұлықтың бетіне соғады. Халық ашуы, халық сызасы кескекті ердің аузынан оттай ыстық сөз болып шығады. Осы тергеу үстінде Жәмеңкенің характері, оның азаттық сүйгіш үлкен жүрегі, ешкімнен шайлықпаған жасын, тізе бүкпес асқақ ерлігі көрінеді. Шығарма ерекшеліктерінің бірі – көпшілік сценалары айрықша шеберлікпен жазылған. Адамдар психологиясы, әртүрлі толқын, алтыбақан ала ауыздық, стихиялық – осы сияқты көтеріліс характеріне тән сипаттар, көптеген жәйттар көпшілік көріністері арқылы бейнеленген. Жазушының бейнелеп отырған өмір құбылыстарына деген ықылас-пейілі, сезім-түйсігі, авторлық көзқарасы, қаламгерлік тұғыры кейіпкерлер тұлғасын сомдау үстінде үнемі айқын-ашық көрініп отырады. Тұтастай алғанда, реалистік прозаның негізгі принциптерін қатаң сақтап, биік көркемдік нысананы меңзей отырып, жазылған шығарманың басты байлығы – сан алуан ерекшеліктері бар, бірі-бірі қайталамайтын, ұлттық бояуы қанық мінездер, тұлғалар шоғыры. Солардың ішінде халық қысылып, тығырыққа тірелгенде, сөзі-

не ден қойып, байлауына тоқтайтын, елдің тағдырын шешетін, билік айтатын, негізінен екі кісі бар: бірі – Жәмеңке би, екіншісі – Ұзақ батыр. Жәмеңке жасы жетпіс бестен асқан, өмірдің ащы-тұщысын түгел көрген, дәстүр-салтты бес саусағындай білетін, ел жорасының майталманы, көмейі бүлкілдеген шешен, азаттық жолында жанын беретін, қазақ едінің тәуелсіздігі үшін ғасырлар бойы күрескен ескі билердің соңғы тұяқтарының бірі. Қазақ ауылындағы таптық жіктеліс Рахымбай болыс, Оспан тілмаш, оған қарсы топ Жәмеңке, Ұзақ, Жанпейіс, Ыбырай араларындағы қайшылықтар танылады. Рахымбай – орта жастардағы, шала-шапқы орысшасы бар, пысық болыс. Патша отаршыларымен оның ым-жымы, ұрлық-қарлығы бір, солардың қолтығында жүреді. Жігіт алу кезінде халықты көзге алдап, сыртынан сатып жіберу – табиғатына жарасымды қылық. Рахымбай мен Оспан тілмаш та опасыз. Бір әкенің баласы батыр Ұзақ, Тұнқатар арасы қарағар. Ұзақ – көтеріліс басшысының бірі. Тұнқатар мал беріп, пара беріп жанын алып қалу пендешілігімен әуре. Бұл екеуі туысқандай емес, бір-бірімен ата жаудай. М. Әуезов қилы заманға тап болған қазақ елі әлеуметтік топтарының да ішкі жіктерін көрсете алған. Әрі олардың бәрі қалыптасқан характер ретінде бейнеленген. Романда характер эволюциясы емес, қалыптасқан характерлердің қиын жағдайлардағы іс-әрекеті, ойлары, сезімдері бейнеленеді. Мысалы, романдағы Жәмеңке, Ұзақ, Ақжелке, Рахымбай, Тұнқатар, Дәулетбек, Оспан т.б. сөзі, ойы, сезімі ғана емес, мінез-құлқы, қимыл-әркетіне дейін даралана бейнеленеді.

Қаламгер ел басына күн туғанда оның басы-қасында кімдердің болғанын тебірене жазады. Патша жарлығына, қарулы әскерге көтерген күштердің рухани әлемін, жігер қайратын талдай суреттейді. Түрлі әлеуметтік топтардың алуан түрлі мақсаттары көрсетіледі. Мысалы, «Кешеден бері әншейінде пысықсып, тілмарсып жүрген Албан ішінің үлкен-кішісі, жақсы-жамаңдарының бәрінің де сөздерін естіп шықты. Бірде бірінің сөзінде түпкір өріс жоқ. Істейтін істің ем домы жоқ. Құр ғана Албанның өткен күні пәлен еді, бүгін мұндай апат келді, ауыр күн туды, ақыр заман болды дегеннен басқа, құр зарлағаннан басқа ештеңе айтпайды. Жоғарыдағы Ұзақ батыр бейнесінің кейбір суреттері мен астарларына оралайық. Алғаш сөз алатын Жәмеңкеден кейін, толғаныста жүрген Ұзақ батыр ақтарылды. Оның сөзіндегі ойлары ірі. Ел басына орнай қалған қилы заман бүгін ғана туған жоқ. Ер азамат арқасына аяздай батқан қасірет батыр арманымен де қабаттасады. Батыр қарулы әскерге қарсы шыққалы отырған ел әрекетіне емес, оның намысының оянғанына, соны қартайған шақта өзінің көргеніне қуанады. М. Әуезов ұнамсыз кейіпкерлерін дәстүрлі әдебиеттегідей бірден ұнамсыз қалыпта бейнелеуге тырыспайды. Оның ішкі құлқы мен сыртқы түрі арасындағы алшақтықты тура немесе жанана мінездеу арқылы да айтады. Бойға сіңген дағды бойынша қызметке кіріскеннен бергі көздеген нысана мал мен атақ, жылы, жайлы орын табуға ғана арналғандықтан, бұнда да сырт көрінісі болмаса, ішінде құралған негізгі пікір, бағыт жоқ еді. Ел қамы, көп мұңы дегеннен, «қалың жұрт тұрмысына жайлы, жайсыз болар ма? – деген сұрақтардан бұны басы да, жүрегі де аман болатын. Жазалаушылар Жәмеңке, Ұзақ, Әубәкірлерді абақтыға қамап, көтерілісті басшыдан айырып, олардың тобын ірітпекке қадам басқан. Ашық өлтіруге халық қаңарынан қорқып, Жәмеңкенің тамағына у қосқызады. 75 – тен асқан бас қарияның азапты өлімін суреттейтін беттерді оқығанда, төбе құйқақ шымырлап, жүрегің сыздағандай болады. Құлазып елсіз қалған жайлау, иесіз қалған мал-мүлік жайында жазушы шығарманы төмендегідей аяқтайды. «Артында қара түтін боп жәрмеңке қалды. Иесіз болып қаңырап Алатаудың жайлауы қалды. Кіндігін кескізіп, кірін жұған момындық күні қалды. Албан албан болғалы қыстың жұтын, жаздың індетін көрсетпеген, жер кіндігі – ата қоныс мекені қалды. Тау-таудың саласындағы иесіз шулап, қора-қора қой қалды. Тау толған арқар, бұғы, елік, қарақұйрық, таутекедей жабайы, жайын көршілері де қалды. Алдында белгісіздікке толған тұманды күндері құшағын жайды. Артына нәлет айтып, алдына қарай жол тартты». М. Әуезов «Қилы заман» романында характерлер жасау жолында портрет пен мінездеудің, жинақтау мен даралаудың қазақ әдебиеті үшін дәстүрлі жаңа үлгілерін де шығармашылық талантпен меңгеріп қолданады. Ірі характерлер сомдау жолында қаламгер қолданатын әдіс тәсілдер шығармада салалас, сабақтас сюжеттердің аралас келуі, шеберлікпен қолданылуы көркем мазмұнды романдық хронология жаңа-жақты және тереңдей, көлемді бейнелеуге негіз жасаған. Үлкен табыс – жазушының өрнекті, бейнелі көркем тілі. Автор диалогқа драмалық жүк артады. Олар мінез қырларын жақсы ашқан. Көпшілік сценаларында бірер диалогтың өзімен-ақ әртүрлі психологияның тамырын басып қаламыз. Шығармада Жетісу табиғаты ерекше бір ілтүпатпен, зор махаббатпен суреттеледі. Автордың Алатау өңіріне деген ыстық ықыласы пейзаждан сезіліп тұрады. Данышпан жазушы М. Әуезовтің қазақ халқының осынау қасіретті, қан жұтып, қырғын тапқан қайғылы тарихы мен қаралы тағдыры туралы перзенттік ыстық ықылас, терең толғаныспен жазған қалың қыртысты, кең тынысты көркем полотнаны – «Қилы заман» романы алғаш рет баспадан 1928 жылы шыққаннан кейін, араға елу жылға жуық уақыт салып, 1975 жылы ғана екінші рет қайта кітап болып жұртышылық қолына тиді.

Құрметті газет оқырмандары! Тарихи деректерге, әдебиеттер мен тарихи жазбаларға сүйене отырып, ұлы жазушының шығармаларын жариялап отырмыз. Егер, сіздерде де тарихи деректер, қолжазбалар сақталса, сонымен қатар, жазушының шығармалары бойынша ой-пікірлеріңіз болса, көпшілікке газет арқылы ұсынуға болады. Бұл-біздің тарих! Рухани жаңғыру! Ғұлама жазушының еңбектері- кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге!

«ЕНБЕК ЖОЛЫ» - 2022 КОНКУРСЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ КЕЗЕҢІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жыл сайын «Еңбек жолы» конкурсын өткізеді, ол Тұңғыш Президент - Елбасының «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам» атты бағдарламалық мақалаларын іске асыру шеңберінде өткізіледі.

Бұл конкурс жастарды еңбекті құрметтеу рухында тәрбиелеу, еңбек дәстүрлерін сақтау және көбейту мақсатында үздік еңбек әулеттері мен үздік өндіріс қызметкерлерін айқындайды. Конкурс «Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы» ұранымен Еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін арттыруға және еңбек өнімділігін ынталандыруға ықпал етеді. Ағымдағы жылғы 1 мамыр мен 1 шілде аралығында конкурстың қатысуға үміткерлерден өтінімдер қабылдау жұмысы ұйымдастырылды.

Басқарма атына облыс аудандары мен Петропавл қаласының жұмыс берушілерінен барлығы 43 өтінім келіп түсті:

- «Үздік еңбек әулеті» номинациясы бойынша - 13;

- «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» номинациясы бойынша -16;

- «Өндірістің үздік жас маманы» номинациясы бойынша - 14.

Комиссия «Еңбек жолы» 2022 конкурсына қатысушылардың материалдарын қарап, «Еңбек жолы» конкурсының ережесін басшылыққа ала отырып, конкурстың үміткерлер іріктеді және бірауыздан қабылданған шешіммен орындар былайша бөлінді:

«Үздік еңбек әулеті» номинациясы бойынша:

1 орын – Тайынша ауданы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС жұмыс істейтін Билетченко әулеті;

Билетченко әулеті - жалпы жұмысшылар саны 13 адамнан тұратын, ең көп марапаттары бар, жалпы еңбек өтілі 286 жылды құрайтын «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС ұйымында бірнеше үміткерлер арасында үздік тәлімгер болды.

2 орын – Жамбыл ауданы, «Айымжан жалпы білім беретін мектебі» КММ-де жұмыс істейтін Хабаевтар әулеті;

3 орын – Айыртау ауданы, «Асқа» ШҚ жұмыс істейтін Нашарбековтар әулеті.

«Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері» номинациясы бойынша:

1 орын – Ю.В.Колчин, (Петропавл қаласы, Ақан сері атындағы Солтүстік Қазақстан облыстық филармониясының қызметкері);

Ю. В. Колчин, 56 жылдық жұмыс өтілі бар жоғары деңгейлі тәлімгер, ҚР Еңбек сіңірген өнер қайраткері, «Мәдениет саласының үздігі», «Парасат» орденінің иегері, Юрий Викторовичтің оқушылары: Роза Шаймарданқызы – педагогика ғылымдарының докторы, Лариса Ивановна –ҚР Еңбек сіңірген әртісі, Аманкелді Оразбайұлы – әдебиет және өнер институтының театр және кино бөлімінің меңгерушісі, Н.Когдина – камералық хор әртісі, Л. Зорина – СҚО филармониясының солисі, Ирина Мореева – Мәскеудегі «жаңа опера» солисі, Фалия Саеңқызы – СҚО филармониясының камералық хорының көрнекті жетекшісі.

* * *

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ ҚАРАЛЫ БЕТТЕРІ

Өткен XX ғасырдың басында коммунистік колонизаторлар қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі шаруашылығы мен өмір сүруге бейімделген тіршілік көзін қиратса, олар еріксіз пұшайман күйге түсерін жақсы білді. Сөйтіп, олар патшалық Ресей іске асыра алмай кеткен қазақ даласын реформалау жұмысын жалғастырды. Соның бірі – кәмпеске науқаны.

1927 жылы қараша айында бүкілқазақтық VI кеңестің конференциясында қазақтардың қолындағы малды бөліске салу мәселесінің бағыттары белгіленді. Яғни, кедейлердің байларға тікелей және жартылай крепостничті тәуелсіздігін батылырақ жою, оның қоғамдық-саяси салмағын күшейте түсу үшін ірі байлардың малдары мен құрал-саймандарын тартып алуға рұқсат берілісін делінді. Мәскеудің нұсқауына байланысты республика партия ұйымының шешімімен 1928 жылғы 27 тамызда Қазақ АССР Орталық атқару комитеті мен Халық комиссарлары кеңесінің қаулысы жарық көрді. Онда қағида сөзбе-сөз қайталанып, жартылай феодалдық-патриархалдық және рулық қатынастарды сақтай отырып, өзінің байлығын және қоғамдық ықпалымен ауылды кеңестендіруге қарсылық көрсетуші аса ірі мал иелері кәмпескеленуі тиіс екені заңдастырылды.

Қаулы бойынша тәркіленіп, жер аударылуға тиісті қазақтар екі топқа бөлінді. Бірінші топ – “ірі байлар”, екінші топ – “қауіпті элементтер” деп аталды. Бірінші топқа жататындарға қатысты жаза мынадай еді: “үлкен байлығының арқасында, бұрынғы ата жуандығы, бектік, мықтылығына сүйеніп, ел ішінде рушылдықты қоздырып, кеңес жұмысының ілгері басуына кесел тигізіп келген Қазақстандағы ірі байлар жер аударылсын”.

Бұл топ, яғни, “ірі байлар” кімдер еді? Олар – “көшпелі аудандарда, барлық мал саны ірі қарамен есептегенде 400-ден жоғары, шала көшпелі, яғни, жартылай отырықшы аудандарда – 300-ден, отырықшы аудандарда – 150-ден артық ірі қара малы бар байлар”. Отырықшы аудандарда “ретіне қарай жоғары көрсетілген норманы 100 қараға дейін кемітуге Қазақстан халық комиссарлары кеңесінің хақы бар” делінді. Бұл бапқа түсінік ретінде, малы көрсетілген мөлшерге жетпесе де, “жер аударылуға тиісті адамдардың қатарына кіретін болса, ондайларды Қазақстан комиссарлары кеңесінің ерекше қаулысымен жер аударуға” болады деп көрсетілгені тағы бар.

Демек, жергілікті үкімет органдарына жақпай, қара тізімге іліне қалса, “ірі байлар” қатарына әркімді де жатқызуға болады, бұл үшін “ерекше” деген бір ғана атау сөз қолданылады.

Екінші топқа жататындардың сипаттамасы бесінші бапта былай берілген: “Ке-

ңес жұмысына қарсылығын қоймай келген бұрынғы ақсүйек сұлтан, хан тұқымдары, болыстықты өмірі қолынан шығармай, патшадан айрықша шен алып келген ескі болыстар осы қаулының бірінші статьясына тура келмесе де, малы кәмпескеленіп, өзі бұрынғы қоныстарынан қуылады”.

Бұл бапқа берілген түсінік – қосымшада: “Осы статьяда көрсетілген адамдардың мал-мүлкін ретіне қарай кәмпескелеуден құтқаруға Қазақстан халық комиссарлары кеңесіне ерік беріледі” делінген. Дәлірек айтқанда, тізімге енген кез келген адамды өзге кісімен (бір кісімен емес, тұтас отбасы туралы сөз болып отыр) ауыстыруға болады екен. Сөйтіп, қазақ арасын шиелендіруге арқылы белсенділер мен тыңшылар қатарын көбейтуге, “қауіпті элементтерді көбірек табуға” жол ашқан.

Осы баптар мен оларға берілген қосымша түсініктердің Ақмола губерниясында, оның ішінде Петропавл уезінде, яғни, қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы аумағында қалай қолданылғанына келейік. Қаулы шығысымен губернияда “кәмпеске” комиссиялары жедел құрыла бастады. Ақмола губерниясындағы кәмпеске науқанын өткізуге Қызылордадан үкімет атынан өкіл болып Садықбек Сапарбеков келді. Өңшең қазақтан жасақталған 131 партия белсендісінен тұратын комиссия жер-жерге бөлініп, “тап жауларымен” күреске кірісті.

Петропавлда жасалған тізім бойынша “жартылай феодалдар, ру басылары кеңестендіру жұмысына бөгет жасаушылар” қатарына әуелі 33 отбасы ілінді. Олардың отағаларына мінездеме толтырылды. Мысалы, Ахметжан Нұрмағамбетовтің (Мағжанның немере ағасы, бір жерде Жұмабаев деп те жазылған) мінездемесі мынадай: “Атасы Жұмабай кезінде беделді ел ағасы болған. Ахметжанның кеңес өкіметіне көзқарасы: сырттай жақтайды, іштей қарсы. Маңайындағы кедейлердің еңбегін өте-мөте сақтықпен қанайды, сауатты элемент болғандықтан, заңдарды жақсы біледі. Интеллигент, кеңес өкіметіне жағынғысы келеді, сөйтіп, қызметке де ие болып отыр”. Сырттай қарсы болмаған адамның іштей қарсы екендігін қалай біліп қойды екен деңізші.

Ал, Мағжанның әкесі Бекмұхамет (ел ішінде Бекен) Жұмабаев ше? “Ол бірнеше жыл болыс болған. Кедейлер мен жалшылар оны ел ішінен аластатуды сұрайды” делінген.

“Тонамбетов (әлде Тоғамбетов, Тоқыамбетов) Исамберді, 75 жаста. Бұрын Сарыайғыр болысының төрағасы болған әрі билік құрған. Кеңес өкіметіне күдікпен қарайды”.

“Майкөтов Баймағанбет (Баймұхамбет) – 75 жаста. Саудагер болған, Ленинградқа дейін барып сауда жасаған. Алашордаға мүше болған. Қазір сауданы жақсы жасайды”.

2 орын – Ж. И.Құдайқұлов (Уәлиханов ауданы, «Өндіріс ОМ» КММ қызметкері);

3 орын – П.В.Богданов, («Новомихайловское-2003» ЖШС қызметкері, Мамлют ауданы).

«Өндірістің үздік жас маманы» номинациясы бойынша:

1 орын – Д. В.Гарагуль, (Есіл ауданы, «Позолотин атындағы №1 Явленка орта мектебі» КММ қызметкері);

Гарагуль Д. В. КГУ «Кеңес Одағының Батыры -Т. Позолотин атындағы №1 Явленка орта мектебі» КММ дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, өзі белсенді және еңбекқор, жұмыс өтілі 4 жыл, жұмыс барысында Дмитрий Владимирович өзінің кәсіби дағдыларының дамуына үлкен үлес қосты, жұмыс орнында жеке жетістіктері бар, 12 жастан асқан балаларға керлинг бойынша жаттығулар өткізеді, ауданның, облыстың және еліміздің қоғамдық өміріне белсене араласады. Олимпиада алдындағы іріктеу сертификатына (2021 жыл), әлем кубогы сертификатына (2021 жыл), керлингтен «ҚР спорт шебері» атағына ие болды (2019 жыл), Қазақстан Республикасының Кубогы – 2021, 3 орын, Әлем Кубогы - 2022, Қазақстан Республикасының чемпионаты – 1 орын, 2022 жыл.

2 орын – Д. А. Ешкенова («Новопокровка ОМ» КММ қызметкері, Шал ақын ауданы);

3 орын – А.А.Кузьменцов, (Петропавл қ. «Көпсалалы облыстық аурухана» ШЖҚ КМК қызметкері).

“Қаймолдин Ебіл, орташа. Атасы Қаймолла бірнеше жүз қойы бар, бай болған...”. Мінездемегерге қол қойған М.Қайыпназаров.

Архив құжаттарының негізінде өңіріміздегі кәмпеске науқанына қатысты 100-ден аса байдык есімі анықталды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың “Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия” туралы Жарлығының негізінде Солтүстік Қазақстан облысының “Кулактарға, байларға, жартылай феодалдарға және орта шаруаларға қатысты саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі” жұмыс тобы бүгінгі таңда архив құжаттарының негізіндегі зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 1931 жылы кәмпескеге ұшырап, жала жабылып, облыс аумағынан тыс республикалық басқа аймақтарына жер аударылған солтүстік өңірдегі байлардың есімдерін анықтады. Есімдері анықталған азаматтар жайында толық ақпарат алу үшін кәмпескеге ұшыраған азаматтардың туған-туыстарына іздеу саламыз.

Құрметті Солтүстік Қазақстан облысының тұрғындары! Назарларыңызға кәмпескеге ұшыраған байлардың есімдерін ұсынамыз.

Первомайский с/советінің байлар мен кулактарының тізімі:

1. Әбділдин Нұрғали;
2. Әльжанов Нұрахмет;
3. Әлғенов Әлпен;
4. Әлшенов Әужан;
5. Ақылбеков Зағыпар;
6. Ахметов Мәдей;
7. Ахметов Сидул;
8. Байғожи Нұрпейіс;
9. Байшүгілов Күлдебай;
10. Бейсенов Мұса;
11. Данияров Мұқан;
12. Данияров Нұрбай;
13. Жүнісов Ақберген;
14. Жакупов Жармағанбай;
15. Жарғақов Аязбай;
16. Жарғақов Сәдуақас;
17. Жұмабаев Әбілда;
18. Жүсіпов Елубай;
19. Жылқыбаев Жұмабай;
20. Ибраев Исқақ;
21. Ибраева Жұмабике;
22. Қырғызбаев Сыздық;
23. Көпжасаров Қоржынбай;
24. Құдайбергенов Данияр;
25. Құнаев Омар;
26. Матенова Гүлсім;
27. Мүлкеманов Татим;
28. Сәбдин Мұхамеджан;
29. Саликов Естай;
30. Самайбаев Асқар;
31. Сейтаев Әбілғазы;
32. Сұғралей Уәлихан;
33. Сүлейменов Елубай;
34. Сүлейменов Жұмабай;
35. Сүлейменов Елубай;
36. Сүлейменов Хамза;
37. Сүлейменов Шақыш;
38. Тамамбеков Қасен;
39. Тенев Хамза Сүлейменұлы;
40. Түлегенов Әлібай;

Тізімдегі адамдарға қатысты қандай да бір ақпараттың болса Солтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік архивінің тұрғындарымен кереі байланы үшін құрылған арнайы желісіне 8(7152)46-48-19 телефоны арқылы хабарласуларыңызды сұраймыз!

Сәуле МӘЛІКОВА,

Солтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік архивінің директоры.

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Абайдың философиясы

Ұлы Абайды өмір, қоршаған дүние, табиғат, болмыс сыры, олардың заңдылықтары көп ойландырған. Ол дүние сырына бойлап, өзін мазалаған сауалдарға жауап табуға тырысты. Мен осы кімін? Жан иелері өмірінің түпкі мәні неде? Барлық адам баласы, жан-жануарлар да тамақтанады, ұйықтайды, қорғанады, артына ұрпақ қалдырады. Сонда адам баласының басқа жан иелерінен айырмашылығы неде? Ол өзінің пәлсапалық шығармаларында адам баласының өмір сүру мақсатын, сол мұратына жету жолын, әлемдегі болмыстың мәні мен өзіндік ішкі байланысын, жалпы заңдылықтарын ашып көрсетеді.

"Адам өмірінің мақсаты – кемелдену мен жетілу", - дейді Абай.

Мысалы, спортпен шұғылданып өзіміздің денемізді, күш-қуатымызды жетілдірсек, ал ғылым-білім, өнерге үйрену арқылы ой-өрісімізді жетілдіреміз. Абай осыларды айта отырып, бұлардан гөрі маңыздырақ жетілу барын, ол – рухани жетілу, яғни жанды жетілдіру деп көрсетеді.

Абайдың айтуынша, жан жүректе орын тепкен. Жан адамның тыныс-тіршілігін, іс-әрекетін жүрек арқылы басқарады. Егер жан жетілмеген болса, онда адамның іс-әрекетінде де кемшілік болады. Ішкі дүниесі тазарып, жетілген адам ғана қателікке ұрынбай, өмірде жаңсақ баспай, дұрыс өмір сүре алады. Адам баласының бақыты оның жүрегінің тазалығымен тығыз байланысты деп үйретеді.

Отбасы – ошақ қасы

Абай үш әйел алған. Бәйбішесі Ділдәдан – Ақылбай, Әбдірахман, Күлбадан, Әкімбай, Мағауия мен Райхан, екінші әйелі Әйгерімнен - Тұрағұл, Мекайыл, Ізқайыл мен Кенже, барлығы 7 ұл, 3 қыз сүйген. Ал келіндей алған әйелі Еркежаннан ұрпақ көрген жоқ.

Абай ғылым іздеуді өз басына ғана алмай, балаларын да барынша оқытуға тырысқан. Ең көп оқыған офицер баласы – Әбдірахман. 90-шы жылдары ол құрт ауруынан қайтыс болды. Оның артынан сүйеніші болып жүрген мықты інісі Оспан өледі. Осы екі өлім Абайға бас қайғысының ішіндегі үлкен қаза болып тиеді. Сол жылдары бас қайғысымен қатар Абай өзінің дос деген адамдарының қиянатын, алдауын, өтірігін де көреді. Бір сайлауда өзінің інісін болыстыққа сайлаймын деп келгенде бұрын ешбір сыр бермейтін достары бір-ақ түнде жат болып шыға келеді. Оның інісін құлатып, өз кісілерін сайлап кетеді. Онымен қоймай, Тобықты ішінде бұрыннан онымен сілкісіп келген басшы жауы Оразбай бір сайлауда Абайды өз кісілеріне сабатып та алады. Осы іспетті соққылармен күресіп келе жатқанда ең жақсы көрген баласы Мағауия өледі.

Абай ешкіммен сөйлеспей, үндемей қалады. Ал 1904 жылы 23 маусымда Мағауияның өлімінен кейін тура 40 күн өткен соң өзі де қайтыс болады. Бір жарым айдан кейін Абайдың ақын баласы Ақылбай Семейде дүние салады.

Абай мұрасын кімдер зерттеді

Абайдың өмірі мен шығармашылық мұрасын зерттеу шын мәнінде Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы мақалаларынан басталды деуге болады.

Ахмет Байтұрсынұлы 1913 жылы "Қазақ" газетінде басылған "Абай — қазақтың бас ақыны" атты мақаласында "Одан асқан бұрыңғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ" — деп Абайды аса жоғары бағалады.

1909 жылы Санкт-Петербургте басылған Абай өлеңдерінің жинағында ақынның жүз қырықтай өлеңі, сондай-ақ, "Ескендір" мен "Масфұт" поэмалары енді. Бұл тұңғыш жинақты дайындаған, бастырып шығарған Кәкітай Ысқақұлы мен Абайдың баласы Тұрағұл болатын. Кәкітай Ысқақұлы бірінші болып ақынның өмірбаянын жазды.

Абайдың көзі тірісінде жарық көрген шығарма-

лары көп емес. Ақынның өз қолжазбалары сақталмады. Шығармалары түгелдей дерлік Мүрсейіт Бікеұлының қолжазбалары арқылы жеткен.

Абай шығармашылығын зерттеудің алғашқы кезеңінде ақынның идеялық мұрасы қызу айтыстар тақырыбына айналды, "Абай философиясын" діншілдігі басым әдеттегі буржуазиялық идеалистік философияның жамап-жасқаған бір түрі деп дәлелдемек болушылар да табылды. Бірақ Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Илияс Жансүгіров Құдайберген Жұбанов, Сұлтанбек Қожанов сынды қоғам қайраткерлері Абайдың ақындық мұрасын шабуылдан қорғап, мақалалар жазды.

"Көзқарасының қарама-қайшылықтарына қарамастан, Абай бұл сөздің ұнамды мәнінде ең озық реалист-суреткер болды және сонысы үшін де біз оны құрмет тұтамыз, сондықтан да оның әдеби мұрасы біз үшін баға жетпес байлық болып табылады, тап солай болғандықтан да қазақ халқы Абайды өзінің аса ірі ұлттық ақыны деп біледі", - деп жазды Мұқанов.

Ал Мұхтар Әуезов Абайтануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтерді. Ол "Абай жолы" эпопеясымен ұлы ақын, ағартушының алып тұлғасын дүниежүзі оқырмандарына танымал әдеби бейне қатарына жеткізсе, ғылымда да сондай күрделі еңбек атқарды. Әсіресе, Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы осы салаға қосқан елеулі үлесі болып саналады.

Абайды шетелде танытқандар

Қытайда Абайдың шығармаларын танытуға Ха Хуан Жан (Хабай) көп еңбек етті. Ол Шыңжан өлкесінің Шәуешек қаласына жақын Қазақтар ауылында туған. Қытай тіліндегі мектептерде оқыса да, қазақ тілін жетік меңгерген. Абайды бала күнінен жаттап өскен екен.

1950 жылы Абайдың "Ескендір" поэмасын, ал 1958 жылы "Масфұт" поэмасын ханзу тіліне аударып, Пекинде арнайы кітап етіп бастырып шығарған. Жалпы, Хабай Абайдың 167 өлеңін, 3 поэмасын, 45 ғақлия сөзін түгел аударған. "Абай және Абай шығармалары" деген үш кітабын да Пекинде бастырған.

Абайдың өлеңдері басқа тілдерге аударылды. Мәселен, Грузин тілінде - Ш.Мчедлишвили, қарақалпақ тілінде - Ш.Сеитова, қырғыз тілінде - А.Токомбаева, татар тілінде - М.Максуд және Н.Арсланов, француз тілінде - Ғалымжан Мұқанов, ағылшын тілінде - А.Самохмалов, түрікмен тілінде - А.Хайидова, Т.Қасымова, П.Искакова және М.Хамраева Абайды ұйғыр тілінде сөйлеткен.

Абайдың өміріне қатысты қызықты деректер

- Абай Құнанбайұлының шын есімі - Ибраһим. Әжесі Зере "Абай" деп еркелеткеннен кейін "Абай" атанып кеткен;
- Құнанбайұлы көптеген өлеңіне өзі ән жазған. Олардың ішінде кеңінен тарағаны – "Көзімнің қарасы";
- Абай Құнанбайұлы алғашқы өлеңдерін Көкбайдың атынан жариялап жүрген;
- Абай Құнанбайұлы 13 жасында ел басқару жұмысына араласқан;
- Абай Құнанбайұлының алғашқы махаббаты – Тоғжан;
- Абай Құнанбайұлы 1860 жылы Ділдәмен отау құрған. Ол кезде Абай 15 жаста болды;
- Абай Құнанбайұлы 16 жасында әке болды;
- Абай Құнанбайұлы 21 жасында болыс болып сайланды;
- Абай Құнанбайұлы екінші әйелі Әйгерімге 30 жасында үйленген;
- Еркежан - Абайдың әмеңгерлік жолмен үйленген әйелі. Ол Абайдың інісі Оспанның қалыңдығы болған. Еркежан Абайға өз қалауымен тұрмысқа шыққан;
- Абай Құнанбайұлының 36 жасында тұңғыш немересі Әубәкір дүниеге келді.

Ақпарат дереккөзі: https://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyrmasyi/31962/

**ТУҒАН ЕЛІН ҚОРҒАУ –
ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘРБІР
АЗАМАТЫНЫҢ ПАРЫЗЫ**



Қазақстан әскері жылдан жылға дамып және нығайып, беделі артып келеді. Қазақстан Республикасының Қарулы күштері – біздің жетістігіміздің, біздің тәуелсіздігіміздің сенімді қорғаны деп мақтаншыпен айта аламыз.

Жауынгерлік айбын, жауынгерлік қызмет біздің мемлекетімізде ерекше құрметке ие. Біздің Қарулы күштер мемлекеттің сенімді қорғанына, халықаралық қауіпсіздік жүйесінің құрамдас бөлігіне айналды.

Бүгінгі күні қоғамда әскерге деген сенім арта түсуде. Бозбалалар Қазақстан Республикасының Қарулы күштері қатарында болуға ұмтылады. Әскери сарапшылардың айтуынша, керемет өзгерістер мемлекеттік қызмет турлы заңнамаға түзетулер енгізумен байланысты. Оған сәйкес, тек Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінде әскери қызмет өткен адамдар ғана билік органдарына жұмысқа орналасып, күзет және құқық қорғау құрылымдарында қызмет ете алады. Қазақстан Республикасының заңнамасы әскери қызмет саласында және әскери қызметкер мәртебесінде әскерде қызмет етудің екі түрін қарастырады. Ол міндетті түрде шақыру бойынша қызмет және келісім-шарт бойынша қызмет. Мерзімді әскери қызмет бір жылға созылады және мерзімді қызмет аяқталған соң әскери мансабын жалғастырып, келісім-шарт бойынша қызмет етуге болады.

Қазіргі кезде ҚР Президентінің «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарының 2022 жылдың наурыз – маусымында және қыркүйек – желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Жарлығына сәйкес Қазақстан аумағында 1 қыркүйектен бастап мерзімді әскери қызметке әскерге шақырудың кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жасстан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтардың шақыру басталады. 2022 жылдың күзінде Тайынша ауданының қорғаныс бөлімі 70-тен астам әскерге шақырылушыларды мерзімді әскери қызметке шақыруы тиіс, олар ҚР ҰҚК шекара қызметінің бөлімдеріне, Десанттық шабуыл әскерлері, Әуе қорғанысы күштері, Құрлықтағы әскерлер, Төтенше жағдайлар жөніндегі Министрлік бөлімдері мен ҚР Ұлттық ұлан бөлімдері. Әскерге шақырудың негізгі міндеті әскерді дені сау және моральдық дайын жастармен толықтыру. Қарулы күштерге түрлі мамандар қажет: аспаз, көлік жүргізуші, байланысшы, сондай-ақ музыканттар, IT-мамандар.

Әскердің әр түрінде өздерінің талаптары бар, сол талаптар бойынша әскерге шақырылушының қай бөлімде қызмет ететіні белгіленеді. Одан басқа, негізгі дағдылардан бөлек, әскер жастарды тәртіпке, жауапкершілікке, дербестікке үйретеді, олар бұлшықет күшін шыңдап, төзімділікке үйренеді. Әскерде достық, бауырластық танылады, әскери қызметкерлер командамен жұмыс жасап, оқу-жаттығуларда дағдарысты жағдаяттарда тапсырмаларды орындауды үйренеді. Әскери қаруды, күрделі әскери техникасын меңгеру дағдыларын игереді. Сонымен бірге, орта-техникалық білімі бар әскерилер мерзімді қызметтің 6 айынан кейін келісім-шарт бойынша әскери қызметке түсуге құқылы. Қорғаныс министрлігінің басшылығы әскери қызметтің қауіпсіздігіне көп көңіл бөледі.

Тайыншалықтар әскерде жақсы қызмет етіп жүр, командирлерден алғыс хаттар, грамоталар алып жатыр, әскери және саяси дайындықтағы жақсы көрсеткіштері үшін үйге демалысқа келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, заманауи қазақстандық әскер Ұлы дала батырларының даңқы мен ерліктерін мұра етіп алған, осыны естен шығармау керек. Президент бейітшілік және тыныштықпен қамтамасыз етудің біздің еліміз үшін ғана емес, жалпы әлем үшін маңыздылығын атап өтті.

Тайынша ауданы Қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің жинақтау тобының бастығы лейтенант Қ.Өтел.

АСЫЛ АНА, ЖҮРЕГІ ЕЛЖІРЕГЕН...



Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» демекші, біздің бүгінгі кейіпкеріміз ұлағатты ұстаз, аяулы ана, үлкен әулеттің, қасиетті қара шаңырақтың инабатты келіні – Жібек Болатова. Сымбатты да келбетті, кішіпейіл, сабырлы мінезі өзіне сондай жарасып, әңгімелескен адамын бірден өзіне баурап алатын қасиеті де бар. Ол мектепте жақсы ұстаз болса, үйде инабатты келін, сүйікті жар, мейірімді ана болғанын ел біледі.

Жастық дәуреннің алаңсыз, жайма шуақ күндерін қалада өткізген жас қыз, ауылға жоғары білімді мұғалім болып келіп, еңбекке араласады. Кейін өзінің өмірлік бақытын осы жерде кездестіреді. Болашақта бірге жұптасып өмір сүруге серттесіп, отау құрады. Жаңа ортаға келін болып түсіп, өзіне келешегі сағымдай бұлдыр тіршіліктің күйбеңіне бой ұсынған жас келін, жас маман айналасындағыларға жылы қабақ танытып, бірден өзін еркін ұстайды. Жас келіндердің сыпайы, көреген болып тәрбиеленуі отбасындағы ежелерге де байланысты. Олар келешекте өз әулеттерінің отанасы болып қалатын жас келіндерге қазақы әдет-ғұрыптардың жолдарын

үйретіп, құлағына күнделікті құйып отырса, нұр үстіне нұр ғой. Кейде бұлай болмай жататын да сәттер бар... Ал, бұл отбасында бәрі өзгеше болды. Жас келін Жібек Серікбайқызы кезінде тек қана бір үйдің емес, бір әулеттің емес, бір рудың келіні болған Сара Есенбайқызы әжеміздің жүрген жолымен жүріп, оның салған сүрлеуінен шықпай, бүгінгі таңда ағайынға инабатты келін, қайнылары мен қайын сіңлілеріне алтын жеңге атанып отыр. Жарасымды тәрбие жаңылмайды, дегендей өзінің ұшқан ұясынан, анасы Кұлбаннан алған тәрбиесі мен қайын ененің тәрбиесін тең ұстаған Жібек Серікбайқызы өзін әркезде де жақсы жағынан көрсете білді. Атына сай жібек мінезі, жүрегінің жылуы мен махаббат сезімінің қалауымен жан жолдасы Еслямбек Нұрақайұлы екеуі өмірге 4 перзент әкелді. Өздерінің перзенттерімен қатар, өзгенің де баласын бауырларына баса білді. Бақытты ғұмыр кешті. Балалар есейіп ер жетті, өмірден өз орындарын тауып, отау құрды, ұрпақ жалғасып немерелер өмірге келді. Сол сәттердегі ата-ананың бірге көрген қуанышы, ең алғашқы немеренің маңдайынан сипап, құшырлана құшағына алған сәттері, өмірдің ең бақытты кезеңі емес пе?! Бірақ, сол бір қуанышты күндер мен бақытты өмір белесі артта қалғаны, өкінішті-ақ. Отағасы өмірден ерте озды... Тағдырдың жазғаны солай болды, немерелерінің қызығын көре алмады. Біздің кейіпкеріміз қайын енесінен алған тәрбиесі болар, келіндеріммен қызымдай сырласамын, келіндерім де әрдайым біріне – бірі ақылшы, қамқоршы болып жүреді, дейді.

Иә, күндер жылжып, артынан ай мен жылдар да жетіп, өмір өтіп жатыр. Бір кездегі жоғары оқу орнын бітіріп, ауылға келген жас маман, ұстаздық жолда еңбек атқарды. Алтын босағаны аттаған шақтан бастап өз қызындай көріп, көңілін бір қалдырмаған қайын енесінен тәлімді тәрбие алған Жібек келін де шаңырақтың шырайын ашып, отбасының береке-бірлігін сақтауға тырысты, жұбайының тірегі, сүйеніші бола білді. Ұстаздық жолда еңбек атқара жүріп, отбасында бала тәрбиесімен де айналысты, қайын енені бақты, кейін қайын енесі қайтыс болған шақта қайын атасын да, баладай мәпелеп бағып, атасының батасын алған да осы қарапайым қазақтың келіні екенін кейінгі жастарға үлгі етуге болады. Отбасының береке-бірлігін басты орынға қойған аяулы ана, ақылшы әже бүгінгі таңда бір әулеттің ұйытқысы болып, немерелерінің амандығын, ел-жұртының тыныштығын тілеп отырған жайы бар. Шәкірттері әркез ұмытпай, құрмет тұтатын-ұстаз, отбасында аяулы ана, ақылшы әже, сіз әулетіңіздің алтын қазығысыз, шаңырағыңыздың шырайын келтірер сәні, ұрпағыңыздың өмірінің мәнісіз! Алдағы күндеріңіз қуанышқа толы, көңіліңіз көтеріңкі болсын. Мерейлі 70 жасыңыз құтты болсын!



Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

* * *

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, АЯУЛЫ АНА!

Бүгінгі таңда Тайынша ауданы, Көзашар ауылында дүбірлі той болғалы жатыр. Той иесі - апамыз Болатова Жібек Серікбайқызы. Ұлағатты Ұстаз, аяулы ана 70 жасқа келіп отыр. Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар. Бірақ әркімнің өмірдегі еткен еңбегі, көрген бейнеті, тапқан зейнеті, алған асуы, жеткен биігі әрқилы. Біздің Жібек апамыз өзінің өнегелі өмір соқпағында сыйластық пен достықтың ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білді.

Жібек апамыз біздің Көзашар ауылына келін болып түсті. Ауылдағы білім ошағы, алтын ұя мектебінде ұлағатты ұстаз болды.

Құрметті, Ұстазым! Сізді бәріміздің қамқоршымыз, шәкірттеріңіздің жылы жүректі ұстазы болғаныңызды мақтан етеміз!

Көп жылдар бойы ақырын жүріп, анық басқан ұстаз болуыңызбен бірге, бізді сабырлы мінезбен, саиқалы салмақты ақылыңызбен тәрбиеледіңіз, әрқайсымыздың өмірдегі өз орнымызды табуымыз үшін берген ақыл - кеңестеріңізге, мың да бір рахмет айтып, шәкірттік ықыласымызды білдіргіміз келеді. Үлкен биікке қол жеткізуімізге, кісілікке, адамгершілікке тәрбиелегеніңіз үшін біз сізге әрқашан ризашылық білдіреміз.

Ардақты ұстазымыз – Жібек апамызды бүгінгі мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Жібек апа, 70 жасқа толған мерейлі тойыңызда өзіңізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз! Мағыналы өміріңнің жалғасы, мәуелі жемісі – бауыр етің балаларыңыз бен алтын асықтай немерелеріңізге баянды бақыт тілейміз!



Құтты болсын 70 жасыңыз,
Сексеннің сеңгірінен асыңыз,
Қуат алып, денсаулықтың нәрінен,
Жүзіп өтіп жүзге аяқ басыңыз!
Балалардың арасында жүріңіз
Шаттықтардан айықпасын жүзіңіз
Тілек еттік шын жүректен бәріміз
Мықты болып ұзақ өмір сүріңіз!

Көзашар ауылындағы білім ошағынан түлеп ұшқан шәкірттеріңіздің атынан:
Жұмағұлова Салтанат Сапарғалиқызы.

ЖІБЕК СЕРІКБАЙҚЫЗЫ – НҰРАҚАЙ КЕЛІНІНІҢ 70 ЖАСЫНА ҚҰТТЫҚТАУ



Қазақ үшін жеңге деген сыйлы адам. Ол өзінің жолдасынан кейін қайнысы мен қайын сіңлілеріне бас-көз болып, туған анасындай қамқорлық танытып отырады. Жеңге туралы сөз қозғала қалса, асыл анам еске түседі. Ол кісі де біреуге жеңге, біреуге келін болды. Қайын жұртындағы үлкеннің де, кішінің де атын атаған емес. Міне, келіні Жібек Серікбайқызы да қайын ененің топырағынан дегендей, жүзі жылы, жүрегі мейірімге толы ерекше жан.

Ағайынға сыйлы болған, жеңешем,
Қайын жұртқа қаймақ болған, жеңешем.
Жасық болмай жайнап жүріп қашанда,
Қайнысына қайрат болған, жеңешем.
Ауылыма көрік болған, жеңешем,
Бақ құсы боп келіп қонған, жеңешем.
Қиынды да, қызықты да тең бөліп,
Ағамызға серік болған, жеңешем,
деп ақын жүрек жырлағандай,
мен бүгін жеңгеме, әулетіміздің
ардақты да асыл келініне жыр жолдаймын!

Айналайын, Жібегім
Жақсылықты тіледім.
Құтты болсын мерей той,
Қуанышты күн бүгін.

Ата-ананың көптен күткен перзенті,
Алладан бір өзінді тілепті.
Атыңа затың сай бала боп,
Бауырларың сенен кейін келінті.

Келін боп түстің біздің әулетке
Келін боп, жағу оңай емес біздерге.
Туыстарды, ата-анамды сыйладың,
Ризамыз саған бауырым да, біздер де.

Мінезіңе, есіміңе, ақылың сай Жібегім,
Жеңгем емес, анам орнына жүр едің.
Сыйлы да, сыйымды мінезіңмен
Ортамызда жүре берші, тірегім.

Сырласым, мұңдасым, құрбым сен
Көзім ашылады, көңілім тасиды сенімен.
Бауырым о дүниеге аттанғанда,
Қасында болдың ғой, жаным сен.

Жастығын қойдың ғой басына,
Отырдың ғой сен оның қасында.
Бірге тұмақ болса да бірге жүрмек жоқ екен
Мен емес сен болдың ғой жанында.

Туыстардың бәрін бірдей көресің,
Барлығына бірдей көңіл бөлесің.
Бауырыңа баса білдің Нияз бен Аликті,
Туғаныңдай күтіп оларды жүресің.

Балаларың аман болсын әрдайым,
Енді көрме қайғы мен уайым.
Бауырларың да аман болып әрқашан,
Табыла берсін қасыңнан.

Саған айтар тілегім көп менің
Сыйластығымыз арта берсін дер едім.
Қызық-қуанышты бірге бөлісіп,
Қасыңнан табылармын мен сенің.

Немерелерің өсе берсін қызыққа,
Қызықта да, бәрін бірдей ұлықта.
Бар жақсылықты мен саған тілеймін,
Бұны жазған Клара екенін ұмытпа.

Игі тілекпен: қайын сіңлісі:
Клара Нұрақайқызы.

Өз бойынан кеңпейілділік, мейірімділік, жұмсақ жүректік, дархандық, жомарттық, имандылық, даналық қасиеттері табылатын біздің ардақтымыз, ұл-қызы үшін аяулы ана, немерелері үшін ақылшы әже

БОЛАТОВА ЖІБЕК СЕРІКБАЙҚЫЗЫН



туған күнімен құттықтаймыз! Анашым, Сізге шексіз алғысымызды білдіргіміз келеді. Сіз бізге әрдайым үлгісіз, Сізге ұқсағымыз келеді. Сіздей анадан туған біз бақыттымыз! Бізге өнегелі тәрбие беріп, бақытты балалық шақ, жарқын келешек сыйлаған әкеміз бен сізге мың алғыс. Аналар бір қолымен бесікті, ал екінші қолымен әлемді тербетеді,- деген асыл ұғым бар.

Сол ұғым біздің анамызға, әкемізге де арналғандай. Өйткені барлық әлемді болмаса да, біз үшін толық әлем болып жүрген – біздің отбасымыздың амандығын тілеп, ақылын айтып, бағыт-бағдар беріп, тәрбиелеп, оң мен солымызды, жаман мен жақсыны айыра білуге үйретіп, тілеуімізді тілеп отыратын, бізге ғана емес, бар қазақтың ұл-қызына ақылшы ұстаз бола білген жан – біздің аяулы да ардақты анамыз, әкеміз деп мақтанышпен айтамыз!

*Ақ батамен жолға біз аттанамыз,
Сөздеріңнен нәр алып шаттанамыз.
Осы жасың мерейлі құтты болсын,
Әрбір күнің қуанышқа толы болсын!
Жан әкеміз, асылымыз, анамыз,
Әрқашанда бізбен бірге болыңыз.
Ұрпақтарың үмітіңді ақтаймыз
Бұл өмірдің қуанышын көріңіз.
Нұрға бөлеп жаныңды көңіл шуақ,
Жақсылыққа әрдайым жаның шалқып,
Құдай қолдап бойыңа берсін қуат.
Қуанышқа кенеліп нұрлы жүрек.
Мерейтойың тойларға ұлассын да
Қабыл болсын арналған барлық тілек.*

Ақ тілекпен:

балаларыңыз бен немерелеріңіздің атынан Расул.

* * *

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Бүгінгі таңда Көкшетау қаласының тұрғыны, менің өмірлік ұстазым, Көзашар ауылының инәбаты келіндерінің бірі, отбасында аяулы ана, ақылшы әже, көрші-көлем, ағайынның құрметтісі, ақылшысы

Болатова Жібек Серікбайқызын

мерейлі жас туған күнімен құттықтаймын! Мен үшін Сіз Ұлы тұлғасыз, сіздің сабырлы да салмақты мінезіңіз, тәлім-тәрбиеніңіз, ақыл-кеңестеріңіз әрбір шәкірт бойында мәңгілік сақталары сөзсіз. «Мектеп – білім тірегі, ұстаз оның жүрегі», - дегендей, ауылдағы ең алғаш мектеп табалдырығын аттаған білім ошағы – мектебіміз, ұстаздарымыз өмірімізде ерекше орын алады. Ал, сол ұстаздарымыздың ішінде Жібек Серікбайқызы менің өмірлік ұстазым, ана орнына ана болып, Еслямбек ағам екеуі мені бауырларына басып өз баласындай тәрбиелеп, қанатымды қатайтып, өмір атты арнада адаспай жол таба білуге үйреткен ерекше жан деп білемін. Құрметті де аяулы жан, сіздің маған деген адал көңіліңіз жан дүниемді нұрландырып, жүрегіме шапағат нұрын төкті, мейірімділікке жетеледі. Рухани байлық, шығармашылық, өмірге деген құштарлық, сыйластық – сіздің бойыңыздағы асыл қасиеттер. Біз сізбен әрқашан біргеміз. Бүгінгі мерейлі жас туған күніңізбен құттықтай отырып, менің отбасым, немерелерім және сізді қаумалаған ағайын-туыс сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз. Шәкірттеріңіздің құрметіне, туысқандарыңыздың мерейіне бөленіп, биік белестерден көріне беріңіз деген тілек айтамыз.

*Құтты болсын мерейтой, ардақты жан,
Орындалсын ойлаған арманыңыз.
Болашаққа тәрбиеніңізбен жол сілтеген
Еңбегіңізге біз мәңгі қарыздармыз.
Басыңызға бақ ұялап, бақыт қонсын,
Береке, ынтымақпен орта толсын.
Бұл өмірде жолыңыз болып әрдайым
Отбасында қуанышты күндеріңіз көп болсын!
Туған күніңізбен аяулы Ана,
ардақты Ұстаз, алтын Жеңге!*

**Ағайын-туыс, бауырларының атынан:
Ниязбек. Алматы қаласы.**

ҚҰТТЫҚТАЙМЫН!

Қымбатты Жібек Серікбайқызы!

Бүгінгі мерекелі, қуанышқа толы күніңіз, 70 жастың белесіне жеткен торқалы тойыңыз құтты болсын! Өз атымнан және өзіңіз білім нәрімен сусындатқан шәкірттеріңіздің атынан сізге зор денсаулық, шаңырағыңызға шаттық тілей отырып, немерелеріңіздің қызығын көріп, шөбере-шөпшектің де қызығын тойлауға жазсын! Ғұмыр жасыңыз ұзақ болсын, бақыттың базарында, Алланың назарында болыңыз! Өзіңіздің алдыңыздан алған білім нәрімен өмірдің белестерінде жүріп жатқан шәкірттеріңіздің алғысына бөлене беріңіз демекпіз. Еслямбек ағамыз көрмей кеткен қызықты Алла сізге нәсіп етсін!

*Қызғалдақтай жайнай берсін өміріңіз,
Судай толып көтерілсін көңіліңіз.
Ешқашанда көңіліңізді кір шалмай,
Бақытты да ұзақ болсын өміріңіз!*

*Құтты болсын келген туған күніңіз,
Тілекші көп, бізде соның біріміз.
Ортамызда жанашыр боп жүресіз,
Болғаннан соң ағайын болып бәріміз.*

*Үзілмесін өміріңіздің жыр – әні,
Бақытыңның өрге тартып бұлағы.
Еңбегіңіздің тек зейнетін көріңіз,
Келер күннің сәулелі боп шуағы.*

Ақ тілекпен:

**шәкіртіңіз-Темиреев Сағындық
Балтабайұлы.**

ПОЗДРАВЛЯЕМ!



уважаемого **МИХАИЛА ГРИГОРЬЕВИЧА ГУСЕВА**
с 60 – летним юбилеем!

Звание военного, которое Вы выбрали, вызывает чувство гордости! Вы научили нас всех стойко переносить трудности и идти вперед до победы! В этот день хочется сказать Вам спасибо и пожелать всех возможных и невозможных земных благ! Поздравляем с днем рождения бравого, сильного, смелого и отважного человека, настоящего военного! Желаем крепкого здоровья и нескончаемого мужества, верной тактики и правильной стратегии, надежных товарищей и несомненной удачи, искренней любви и светлого счастья!

*Сегодня отмечает день рождения
Один чудесный и хороший человек —
Защитник Родины и преданный военный.
Пусть будет мир в стране и на Земле!*

*Пусть глаза ваши войны не видят,
Пусть дома ждет надежный, теплый тыл.
Пусть солнце в жизни ярко Вам светит.
Желаем радости, здоровья, много сил!*

**А.Е. Мухамбетов,
начальник отдела по делам обороны
Тайыншинского района
и ветераны Вооруженных Сил.**

* * *

КҮЗГІ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ІС-ШАРАЛАРҒА ДАЙЫНДАЛУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Күзгі жоспарлы профилактикалық ветеринариялық ем-дом шараларын жүргізу қоғамдық және жеке меншік сектордағы барлық жануар иелері үшін міндетті іс-шара болып табылады.

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339-ІІ Заңының 25-бабы 5 және 7-тармақтарына сәйкес жануарлардың иелері мен мал шаруашылығы өнімдерін өндірушілер ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді, ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өз жануарларына уақтылы вакцина егуге және олардың диагностикасын қамтамасыз етуге міндетті.

Облыста жануарларға міндетті күзгі ветеринариялық ем-дом жасау шаралары басталды, олардың негізгі мақсаты – жануарлардың саулығын сақтау, өнімділігі жоғары сау табындар құру, аурулардың, соның ішінде адам мен жануарға ортақ аурулардың уақтылы диагностикасын жүргізу, қауіпсіз мал шаруашылығы өнімін алу. Алынған деректер нәтижесі негізінде ұйымдастыру-шаруашылық, ветеринариялық-санитариялық, профилактикалық және емдеу іс-шаралары жүргізіледі.

Індетке қарсы іс-шараларды толық жүргізу үшін ветеринариялық қызмет пен жеке қосалқы шаруашылық иелері жұмысты келісе отырып жүргізіп, ем-дом шараларының сапасы мен толықтығына, олардың уақтылы жүргізілуіне ерекше көңіл бөлу қажет, осының барлығына жануарлардың иелері өздері ат салысуы керек. Жануарлардың, соның ішінде құстардың инфекциялық, инвазиялық аурулар бойынша саулығын, зооноздарға, жануарлардан алынатын өнімдердің, шикізат пен жемшөптің санитариялық сапасына қатысты адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін профилактикалық, эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүйесіндегі маңызды буын профилактикалық дезинфекция болып табылады. Дезинфекцияның негізгі мақсаты - эпизоотиялық тізбекті оның маңызды буыны – ауру қоздырғышының инфекция, инвазия көзінен сезімтал ағзаға берілу факторларына әсер ету арқылы бұзу.

Осыған байланысты, жануар иелерін өз жануарларын ветеринариялық ем-дом жасатуға беруге, оларды бірдейлендіруге шақырамыз. Ветеринариялық заңнама талаптарын сақтауды сұраймыз.

Аманкелді НҰРМУҚАНОВ –
«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы»
КММ профилактика және бірдейлендіру бөлімінің бас маманы.

Меншік иесі: «Тайынша таңы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу
жөніндегі ресми басылымы болып
табылады.
Индекс: 65710
Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп № 10803-Г күәлігі берілген
Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖҚ-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.
Талпырыс: 259. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы,
Қазақстан Конституциясы, 206-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715 36) 23-8-51
Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды.
Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.